

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі



2023-2024 оқу жылындағы
тәрбие саласы бойынша
жүргізілген жылдық
жұмыстардың
қорытынды есебі.

Мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары Ф.Караев

№27 «Аққала» жалпы орта мектебінде тәрбие саласы бойынша
және тәрбиесі «қиын» оқушылармен жүргізілген іс-шаралардың
қорытындысы бойынша
АНЫҚТАМА

Тамыз айыны 5-10 аралығында оқушылыр кітаппен қамтамасыз етіліп, олардың ата-анасымен мектепке дайындығы туралы сұхбаттар ұйымдастырылды.

Оқу жылы басында мектеп жылдық тәрбие іс-жоспарі түзіліп бекітілді. Сыныптарға сынып жетекшілері тағайындалып, тәрбие іс жоспарларі бекітілді.

1 қыркүйек – Білім күні! 1 қыркүйек білім күніне арналған «Мектебім-мейрім мекені» атты салтанатты жиынның іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Бильбордтар ілініп, безендіріліп, дайындық жұмыстары жүргізілді.

Жиынға қомкоршылық кеңес төрағасы Х.Кулахметов, ауыл биі, зейнеткер ұстаздар, ата-аналар комитеті төрағасы және оқушылардың ата-аналары қатысты. Мектеп басшысымен бірге келген қонақтар оқу жылында ұстаз қауымына, ата-аналарға, оқушыларға сәттілік тіледі.



Салтанатты жиынмен қатар 1–11 сыныптар бойынша «Әделітті Қазақстан, сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында сынып сағаты және бірыңғай «Адалдық сағаты» өткізілді. Патриоттық тақырыбында өтілген білім сабақтарына мектеп директоры Н.Кулахметов, участкелік инспекторы И.Султанкулов және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Караев қатысты.



5 қыркүйек – А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбында тілдер мерекесі ұйымдастырылып өткізілді. 10-11 сыныптарда «Қожа Ахмед Ясауидің хал хикмет ілімі» тақырыбында Қожа Ахмед Ясауидің туғанына 930 жылығына орай сынып сағаты өткізілді.

1 -10 қыркүйек аралығында «Абайлаңыз балалар!» айдарымен іс-шаралар өтіліп, 1- 4 сыныптар бойынша «Жол әліппесі» тақырыбында, 5-8 сыныптар арасында «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», жазба жұмыстары алынып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Абайлаңыз балалар!» айдарымен «Жол ережесін білесің бе?», «Жаяу жүргіншілердің міндеттері» тақырыптарында участкелік инспекторы И.Султанкулов қатысуымен апталық лездемелер өтіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Мұғалімдер арасында Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары»-Президент жолдауы талқыланды. Тарих пәнінің мұғалімі Х.Юнусов жолдауға тоқталып слайд арқылы түсіндірді. Президент жолдауына арнайы стен дайындалып орналастырылды. Сынып жетекшілері жолдауда айтылған барлық бағытты тәрбие сағаттарында оқушыларға насихаттау жұмыстары жүргізді.

Еліміздің «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі өскелең ұрпақтың денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты болып табылады. Осы мақсатта 5-10 қыркүйете «Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында денсаулық акцияси дене шынықтыру ӘБ пәні мұғалімдері тарапынан ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: жеткілікті дене қимылы белсенділігінің , спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, тұрмыста және жолда жүріп-тұру қырларын және салауатты өмір салтының мәдениетін өскелең ұрпақ арасында қалыптастыру.



13 қыркүйек күні Мектепішілік Өзін-өзі басқару ұйымының 2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес балалармен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, оқушылардың қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қоғам бірлестік мақсатында мектеп президентінің сайлауы өткізілді.

Сайлауға мектепішілік президенттігіне 10-11 сынып оқушылары арасынан 4 үміткерлер өз насихаттайтын жүргізіп, өз үгіт насихатымен көп дауыс жинап мектеп президенті болып 11-«А» сынып оқушысы Мирзатаев Мардон жеңіске жетті.

Мектеп директоры м.у.а Розакулов сайланған фракция мүшелеріне алдағы жаңа оқу жылындағы жұмыстарды адал да, қарқындыматқаруға сәттілік тіледі.

11-17 қыркүйек аралығында «Отбасы күніне» орай апталық іс-шара түзіліп бекітілді. Әке-шеше, аға-ініге, туған-туысқа қатысты мақал-мәтел мен аңыз-әпсананың бәрі де шаңыраққа ұялаған шаттықты сақтауға үндейді. «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» деп халқымыз қашан да отбасындағы әр адамның мәртебесін бекітіп, бекемдеп отырған.

5-8 сыныптар арасында «Менің отбасым» эссе байқауы, 3-4 сынып оқушылары арасында «Мен және менің бақытты отбасым» атты сурет байқауы,

«Отбасы- жан шуағым» атты ән байқаулары ұйымдастырылып, жеңімпаздар мектеп басшысының мадақтамасымен марапатталды.



1-11 сыныптар арасында Отбасы күніне орай «Отбасың аялы алақан мекені», «Бақытты жанұя, бақытты ел» «Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары, «XXI ғасыр ата-анасы өз балаңа үлгі бол» тақырыбында конференция өткізілді.



2023-2024 оқу жылы №27 «Аққала» жалпы орта мектебінде мектепшілік оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, іскерлік пен әдептілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында мектепте спорт секциялары

мен үйірме ашылып, жұмыс жүргізілуде. Спорт секцияларымен үйірме жұмыстарының кестесі мен іс-шаралары түзіліп, бекітілді.

Мақсаты: Оқушылардың сыныптан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру.

Міндеттері: Алған білімдерін ары қарай дамытуға мүмкіншілік жасау, оқушының қоғамдық белсенділігін арттыру. Биыл 2023-2024 оқу жылында

Өнер үйірмелері:

№	Аудан, қала, ауыл, кент атауы	Үйірме атауы	Қатысатын жастар саны	Мекен-жайы	Өтетін күні / уақыты	үйірме жетекшілері
1	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Саз әлемі	12	Аққала ауылы	жұма / 15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵	Кавланов И
2	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Настарин Би	13	Аққала ауылы	бейсенбі / 16 ⁰⁰ -16 ⁴⁵	Анарметова Н
3	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Көркем жазу	15	Аққала ауылы	Сәрсенбі / 10 ³⁰ -10 ⁴⁵	Розакулов И
4	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Көркем еңбек	12	Аққала ауылы	Дүйсенбі / 16 ⁰⁰ -16 ⁴⁵	Нематходжаев М
5	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Жас математиктер	15	Аққала ауылы	Бейсенбі / 10 ⁰⁰ -10 ⁴⁵	Розакулов И
6	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Жас информатик	10	Аққала ауылы	жұма / 15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵	Гуламов А
7	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Жас биолог	15	Аққала ауылы	жұма / 15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵	Нематхожаев Д

Спорт үйірмелері

№	Аудан, қала, ауыл, кент атауы	Үйірме атауы	Қатысатын жастар саны	Мекен-жайы	Өтетін күні / уақыты	үйірме жетекшілері
8	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Футбол	15	Спорт зал	1-2 -5 күн/ 15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵	Каримов Б
9	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	Волейбол	36	Спорт зал	1-4-6 күн 10 ⁰⁰ -10 ⁴⁵	Каримов Б
10	Сайрам ауданы №27 Аққала ЖОМ	шашка	15	Спорт зал	1-3 күн/ 10 ⁰⁰ -10 ⁴⁵	Тиллахожаев Х

Мектепшілік үйірме кестесі түзіліп, жоспары бекітілген. Жауапты үйірме жетекшілері, түзілген кестеге сәйкес жұмыстарын жүргізуде.



17.09.2023 жыл мектеп мұғалімдері мен 7-11 сынып оқушылары арасында «Айкерім», «Айбын» ұл және қыз балалар жиыналысы өткізілді. Жыналысқа Аққала ауылдық ФАП дәрігері Д.Мамаева қатысып, адамның денсаулығы өз қолында екендігін жайлы толық мағлұмат берілді. Оқушыларға кеңестер беріліп, қажетті сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алды.



1-11 сыныптарда ата-аналар жиыналысы өткізіліп, ата-аналар комитеті сайланды.

20 қыркүйек күні тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Еркеназ " қыздар қоғамдық ұйымы ауылдық әжелер алқасы мүшелерімен "Жақсы қыз- ата -ана мақтанышы" тақырыбында кездесу жиын өткізілді.

Мақсаты: Қыздар қауымымен сырласа отырып, олардың тәрбиесіне көңіл бөлу, эстетикалық тәрбие беру мен оларға салт-дәстүрді үйрету, өздерін мазалап жүрген сұрақтары болса оған жауап табу, еркін өз ойларын ашып айтуға баулу. Кездесу жиынға қалалық әжелер алқасының төрайымы Нематходжаева Мухаббат әжеміз, ауылдың құрметті азаматшасы Махмудова Каромат әжеміз келіп кездесуде қыз тәрбиесі жайлы баяндамалар оқып, видеороликтер көрсетілді. Келген қонақтарға сұрақтар қойылып, қыздар өз ойларымен бөлісті. Кездесу өте тартымды, қызықты өтті. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі оң жолға қойылуы керек. Келешекте ұлттық салт-дәстүрмен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенуіміз керек.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында тілсаясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу. 2020-2025 жылдарға арналған «Тіл туралы» Заңды іске асыру жөніндегі жүргізілетін іс – шаралар жоспары құрылып, жауапты адамдарға тапсырмалар берілді. Атаулы датаның өзгеру себебі – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты. Бүгін барша қазақстандық қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тілдер мерекесін тойлайды.

Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күніне бірлесе отырып, «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыбында кеш өтті. 1-11 сыныптар бойынша «Туған тілім – бабам тілі өз тілім», «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз», «Ана тілім – асылмұрам», «Тіл – жанымның тірегі», «Тілім менің – тірлігімнің айғағы». «Тілім менің – тірлігімнің айғағы», ««Мәңгілік елдің - мәңгілік тілі», «Тілім менің- қазынам, қасиетім» тақырыптарында тәрбие сағаттар өтілді.



Мектеп директорының тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасарлары:

Ф.Караев

